

Тексерілді:

«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері

А.Адилова

Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы
«Балдырған» ортаңғы топ Қаңтар айы (2-апта)

Өтпелі тақырып: «Техника және біз»

Тақырыпша: «Бағдаршам»

Апта күні: «10.01-14.2022ж» жыл

Күн тәртiбi	Дүйсенбi	Сейсенбi	Сәрсенбi	Бейсенбi	Жұма
Балаларды қабылдау	Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру Міндеттері: - өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; - балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту, - отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Жалпы топ тазалығы, гүлдерді суару, құмды қопсыту, балалардың тазалықтарына көңіл аудару				
Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б.)	Отбасы жайлы әңгіме	Д/О «Көп және біреу»	Д/О: «Көршісін тап»	Отбасы туралы әңгіме	Ү/ү ойын «Пазл» «Пойыз құрастыр»
Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	Таңғы жаттығу Маман жоспарына байланысты				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдылары мен білімдерін орындау және бекіту. Ойын жаттығуы: «Жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың...»				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Ү/ү ойын «Пазл» «Үйді құрастыр»	«Өз орныңды тап» Мақсаты: жерге үшбұрыш сызылып, оны 6-ға бөліп сызу.	«Түрлі-түсті шарлар» Мақсаты: үстел үстіне 5 жасыл шардан қатарға тізіп қояды да балаларға осынша сары шарды қоюды ұсынады..	«Ойыншықты тап» Мақсаты: белгілері бойынша жасырылған ойыншықты табу	«Қызықты лото» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p>1.Музыка Тақырыбы: «Сұр көжегім» К. Қуатбаев</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жабайы жануарлар»</p>	<p>1. Орыс тілі Тақырыбы: «Домашние животные»</p> <p>2.Жапсыру Тақырыбы: «Тікенекті кірпі»</p> <p>3. Құрастыру Тақырыбы: «Поезд»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойыншықтар»</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: «Ұзын-қысқа. Беттестіру және тұтастыру тәсілдері»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қысқа орманға біз келдік»</p> <p>Сурет салу Тақырыбы: «Автобус»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуендеуге барайық, тышқанға іздеу салайық» (таза ауада</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Аққала?»</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қызығушылық тудыру; балалармен жеке сөйлесу; серуен жабдықтарын дайындау; серуендегі балалардың әрекетін ынталандыру Киіну реттілігін сақтау, сап түзеу</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Картотека № 6 Бақылау Бүгінгі ауа-райын бақылау. Айналадағы адамның қысқы еңбегі. Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру Тақпақ: Қыстыгүні таңертең, Ерте оянып жас бала.«Қар» деп сыртқа қарайды, Көңіл бөлмей басқаға. Қимылды ойын: «Ақ қоян». Мақсаты:</p>	<p>Картотека № 7 Бақылау: Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер» деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға үйрету. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»</p>	<p>Картотека № 8 Бақылау: Аязды күнді бақылау. Мақсаты: Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру. Жұқпалы аурулардың микробтарын өлтіруге аяздың қосар үлесі зор екендігін айту. Аққу мамық ұлпа қар, Жамылады қырқалар. Шымшып аяз бетінді, Ширатады етінді. Қимылды ойын: «Қар лақтыру». Мақсаты: Балалардың ойынға ынтасын</p>	<p>Картотека № 9 Бақылау: Шыршаны бақылау. Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру. Тікен-тікен тік пісте Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Қимылды ойын: «Қуып жет». Мақсаты: Жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. Еңбек : Ауладағы шырша түптеріне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың көктемде еріп, суға айналатындығын,</p>	<p>Картотека № 10 Бақылау: Боранды бақылау. Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру. Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Боран). Қимылды ойын: «Байқап қал». Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын». Мақсаты: Айналадағы адамдарға ілтипатпен қарау. Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол. Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық орындарда даурықпа! Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке баулу. Еңбек: «Таза жолдар».</p>

	<p>Балаларды шапшандыққа, ептілікке баулу.Еңбек: Ауладағы қарды тазалау. Мақсаты: Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.Жеке жұмыс:Жазда таудың басындаҚыста аяқ астында Балмұздақтан аумағанБұл не тағы расында?(Қар) Мақсаты: Балаларға жұмбақ жасыра отырып, жылдам шешім таба білуге, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Мақсаты: Ептілікке, шапшандыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.Еңбек: Құстарға жем шашу.Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна,жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p>	<p>арттыру.Еңбек: Ауладағы қарды жинау.Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.Үлкендердің еңбегін бағалауға, құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аяз туралы жұмбақ жаттату.Қолы жоқ,сурет салады. Тісі жоқ,тістеп алады. (Аяз). Мақсаты: Балалардың сөйлеу әрекетін, есте сақтау, ойлау қабілетін арттыру.</p>	<p>шыршаның ылғалды жағдайда жақсы өсетіндігі туралы айтып, түсіндіру. Жеке жұмыс: Дана нұр,қала нұр. Құтты болсын Жаңа жыл Жасыл шырша жанында, Билеп барлық бала жүр. Мақсаты: Жаңа жыл кеші шыршасыз өтпейтіні туралы түсіндіру.</p>	<p>Мақсаты: Ауладағы жолды қардан тазалау.Еңбекқорлыққа баулу.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жақтқызу.				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Аудио ертегілер тыңдау	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Ұйқымызды ашайық	Керует жанындағы жаттығулар «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді.	Керует жанындағы жаттығулар - Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. - Қол белде, оңға, солға иілу .	Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет	Д/о: «Көршісін тап» Мақсаты: балалардың сандар жайлы білімдерін тиянақтау	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры	«Сурет бойынша жинастыр» Мақсаты: қол маторикасын жетілдіру	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу: «Қыс »(сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Балалармен апта күндерін рет-ретімен атап, есте сақтай білуге үйрету.	Балалармен жұмбақ жасыру. М: Ойлау қабілеттерін арттыру.	Балалардың тілдерін дамыту мақсатында сөз ұйқас жаттау.	Балалармен кеңістікті бағдарлау М: Өзіне жақын кеңістікті бағдарлай білуге үйрету	Балалармен 10 көлемінде тура және кері санау М: есептік санау қабілеттерін арттыру
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу				
Серуеннен оралу	Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру				

Балалардың үйге
қайтуы

Таңертең бақшаға кешікпей келуді тапсыру. Балалардың тәртіптері туралы әңгімелесу